

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Лаңкестік - адам өміріне төнген тосын қатер

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2021

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/110357/>

Талғар агробизнес және менеджмент колледжі
Оқу сабағының жоспары

Жоспардың бөлімі: Адам өмірін сақтау

Оқытушының аты-жөні: Ахметова М.М.

Күні: «___» ___ 20__ жыл

Курс: ___ Топ: _____

Модуль/пән атауы: Қазақ тілі

Сабақтың тақырыбы: Лаңкестік - адам өміріне төнген тосын қатер

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Сабақтың мақсаты: Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;

Оқу-жаттығу процесінде білім алушылар меңгеретін күтілетін нәтижелер оқылым және тыңдалым материалдарын конспектілеу арқылы негізгі ақпаратты іріктей алады.

Қажетті ресурстар

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері:

Сабақтың басы (5 минут)

Психологиялық ахуал қалыптастыру. Мұғалім ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін «Мадақтар бұрқасыны» тәсілін қолданады. Оқушылар 1-1,5 минут ішінде бір парақ қағазға ұстазынан естігісі келетін мадақтарды жазады, оны оқып беретін көршісімен алмасады.

Қызығушылықты ояту. Ойтүрткі. 1-тапсырма.
«Алдын ала берілген атаулар» тәсілін пайдаланып, тақырыпқа қатысты бірнеше атаулар жазады, олардың маңызын, ерекшелігін сұрайды, сұрақтар қояды:
 - Адам өміріне аса қауіпті қандай іс-әрекеттерді атар едің?
 - Лаңкестікті жасайтын кімдер?

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>2-тапсырма. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласын оқиды, сабақ тақырыбына қатысты ой-тұжырымдарға конспект жасайды.</p> <p>3-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, өзекті мәселелер туралы өз ойын айтады, кластер құрады. Тілдік бағдар. Синтаксистік нормалар туралы мағлұмат береді, мысалдар келтіреді,</p> <p>4-тапсырманы орындатады. Оқушылар берілген мәтінді өңдейді, синтаксистік нормаға сай дұрыс жазады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сұрақтарға нақты жауап береді; - мақаладан қажетті ақпаратты алады; - оқылым мәтіні бойынша конспект жасайды; - суреттерді сипаттайды; - экстремизм жайлы ойын кластерге түсіреді; - синтаксистік нормаларды меңгереді. - синтаксистік норманы меңгереді. <p>Қалыптастырушы бағалау. Мұғалім көңіл күй смайликтері арқылы бағалайды.</p> <p>11-тапсырма. https://youtu.be/bsygZ7STsu8</p> <p>«Үздік инспектор» рөлдік ойынын ұйымдастырады.</p> <p>«ПОПС» формуласының негізінде оқулықтағы 13-тапсырманы орындатады. Оқушылар мәтінді оқиды, пікірлерін дәлелдейді, қарамен жазылған сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды.</p> <p>«ПОПС» формуласының құрылымы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бірінші сөйлем «Біздің ойымызша,... » 2. Екінші сөйлем «Себебі, біз оны ... былай түсіндіреміз». 3. Үшінші сөйлем «Оны біз мына ... деректермен, мысалдармен дәлелдей аламыз». 4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты ... мынадай қорытынды шешімге келдік». <p>14-тапсырма. «Интервью» ойынының негізінде жұптық жұмыс ұйымдастырады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннен қажетті ақпаратты алады; - оқылым мәтіні бойынша конспект жасайды; - сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды; - диалог құрау арқылы білімдерін толықтырады; - өзара коммуникативтік қатынас орнатады. <p>Қалыптастырушы бағалау. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланады.</p> <p>Кері байланыс. «Не қиын, не оңай?» әдісі бойынша түсініктерін толықтырды.</p> <p>Ойсергек. 12-тапсырма. Жағдаяттық тапсырманың шартын орындатады.</p>
-------------------------------	---

Сабақтың соңы (5 минут)	15-тапсырма. Мәтінді оқытады, қарамен жазылған сөйлемдерге синтаксистік талдау жасатады. Дескриптор: - мәтінді түсініп оқиды; - мәтіннің тілдік ерекшелігіне талдайды; - сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды. Қалыптастырушы бағалау. Оқушылар бір-бірінің жұмысын түрлі түсті желімқағаздар арқылы бағалайды. Үйге тапсырма. Оқулықтағы 5-тапсырманы орындау беріледі. Тапсырманың шарты, қалай орындалу қажеттігі түсіндіріледі.
Сабақ бойынша рефлексия	Рефлексия. Ойтаразы. 16-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап береді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.